

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 30 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 мамырда № 5057 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 47 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 23.07.2019 № 47 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Сайрам ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 03 мамырдағы № 02-05/147 ұсынысы негізінде, Манкент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Уақ малдың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі Манкент ауылының Бірлік көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Манкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК